



S U L E Y M A N D E M I R E L

U N I V E R S I T Y

ОРЫНДАҒАН: Ханділлә Қазыбек

ҚАБЫЛДАҒАН: Байгелова Нұргүл

ТОБЫ: 3- С

Ислам банкінің қаржыландыру перспективасы


- ✓ Заңдарға түзетулердің енгізілуі осы қаржы саласын іс жүзінде дамыту ниетінің барынша байыпты екендігін көрсетеді. Одан кейін де жасалған қадамдар осы қорытындыны растайды.
- ✓ . Реттеушілер исламдық қаржыландырудың негізгі халықаралық стандарттарын ескерді.

✓ Осының нәтижесінде АӨҚОҚРА Байланыс және ақпарат; Индустрия және жаңа технологиялар; Қаржы; Экономикалық даму және сауда министрліктерімен, СІМ, ҚҚА, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен, сондай-ақ ҚР ҰБ-мен бірлесіп “Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту жөніндегі 2010-2015 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы” қаулы және бұйрық қабылдады.

✓ Құжаттар топтамасы “Жол картасы” деген ат алды. Ол мүдделі мемлекеттік органдармен инвестициялар тарту, исламдық қаржы құралдарын дамыту және ендіру жөніндегі үйлескен іс-шаралардан тұрады, исламдық қаржы институттарын тарту және ашу жөніндегі жағдайларды қалыптастыруды көздейді

✓ Исламдық қаржыландыруды дамытуға бағытталған нақты қадамдардың заңдарға түзетулер енгізілгенге дейін жасалған болатын.

- ✓ 2012 жылы Ислам банкінің қаржыландырған объектілері:



- ✓ Ислам банкінің Қазақстан Республикасы мен трансұлттық жобаларға тартылған қаражаты:



✓ Жол картасы аясында әлемдегі бірқатар жетекші ислам ұйымдарымен ынтымақтастық орнатылатын болады.



✓ Қазіргі кезде еліміздің заңнамасы исламдық банкинг қызметтерін мамандандырылған исламдық банктерге ғана көрсетуге мүмкіндік береді. Исламдық банк, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ ұлттық холдингі, “ҚазАгро” ұлттық басқарушы холдингі және олардың 100%-дық еншілес ұйымдары құрған исламдық арнайы қаржы компаниялары исламдық бағалы қағаздардың эмитенттері бола алады.

✓ Исламдық банкингтің біздің өмірімізге бейімделуінің қиындықтары:

1. Институционалдық-құқықтық базаның жеткіліксіз дамуы

2. Жаңадан енгізілген исламдық құралдарды реттеу, бақылау және салық салу тетіктерінде қиындықтардың болуы

3. Мемлекеттік және Шариғат бақылауын жүзеге асыру үшін білікті мамандардың жоқтығы.

- ✓ Исламдық қаржыландырудың дамуы Қазақстанға не береді?
- ✓ Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуы инвесторларға инвестициялаудың баламалы құралдарын ұсынады, ел экономикасының қаржылық тұрақтылығына қолдау көрсетудің қосымша көздерін құруға мүмкіндік береді. Қазір исламдық қаржыландыру секторы – әлемдегі ең жылдам дамушы сектор. Оның әлемдік активтері 1 триллион доллар деп бағаланады, бұл ретте өсу қарқыны да соңғы жылдары ерекше жоғары – жылына 15-20%.